«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАСТАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

071400, ҚР, Абай облысы,
Семей қаласы,
Б.Момышұлы, 12
тел.8 700 300 50 96,
e-mail: ijastar.info@gmail.com

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАСТАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ»

071400, РК, область Абай,
город Семей,
ул. Б.Момышулы, 12
тел. 8 700 300 50 96,
e-mail: ijastar.info@gmail.com

Абай облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасына

«Интеллектуалды жастар қауымдастығы» қоғамдық қоры тарапынан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген конкурс нәтижелеріне қатысты жолданған қарсылық хатқа байланысты төмендегіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, атап айтқанда «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық өтінімдерге бағалау жүргізу барысында конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды кешенді түрде қарап, заң талаптарына сәйкес тиісті бағалау жүргізген.

Қарсылық хатта көрсетілген уәждермен келіспейтінімізді білдіре отырып, төмендегі құқықтық түсіндірмелерді ұсынамыз.

Біріншіден, техникалық ерекшеліктің мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылмауына қатысты ескерту негізсіз деп есептейміз. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында техникалық ерекшелікті міндетті түрде екі тілде ұсыну туралы тікелей норма көзделмеген. Тапсырыс беруші техникалық ерекшелікті мемлекеттік тілде әзірлеу арқылы Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының талаптарын сақтаған. Сонымен қатар, конкурсқа ұсынылған техникалық құжаттаманың мазмұны, құрылымы және жобалық сипаттамасы толық көлемде берілген. Құжаттың тек мемлекеттік тілде ұсынылуы оның заңдық күшін, мазмұнын немесе жобаның сапасын төмендетпейді және техникалық құжаттаманы «жоқ» деп бағалауға құқықтық негіз болып табылмайды.

Осы ретте, мемлекеттік мекемелердің құжат айналымында мемлекеттік тілдегі құжаттардың қолданылуы мен басымдығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясаты қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Екіншіден, «мәселенің сипаттамасында нақты статистикалық деректер көрсетілмеген» деген тұжырым да негізсіз. Конкурстық құжаттамада немесе техникалық ерекшелікке қойылған талаптарда нақты сандық статистикалық көрсеткіштерді міндетті түрде енгізу туралы талап белгіленбеген. Қойылған талапта мәселені зерттеу, талдау және статистикалық әрі аналитикалық ақпараттарға сүйене отырып сипаттау қажеттілігі ғана көрсетілген. Ұйым ұсынған құжаттамада өңірлік

және ресми дереккөздерге сүйенген талдау беріліп, тиісті сілтемелер көрсетілген. Демек, аталған бөлім конкурс талаптарына толық сәйкес келеді.

Үшіншіден, егжей-тегжейлі жоспарға қатысты айтылған ескертулер де құқықтық негізсіз болып табылады. Конкурстық құжаттамада іс-шаралар жоспарының бірыңғай бекітілген нысаны немесе жауапты тұлғаларды міндетті түрде көрсету талабы белгіленбеген. Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерде де мұндай міндет қарастырылмаған. Ұсынылған жоспар жобаның мақсатына, іске асыру мерзіміне, іс-шара форматына және қамтылатын аудиторияға қатысты толық ақпаратты қамтиды. Осыған байланысты жоспарды талапқа сәйкес емес деп тануға жеткілікті құқықтық негіз жоқ.

Төртіншіден, жобаның индикаторларына қатысты айтылған пікір де объективті емес деп есептейміз. Ұсынылған құжаттамада сапалық және сандық көрсеткіштер нақты айқындалып, күтілетін нәтижелер мен қосымша индикаторлар толық көрсетілген. Жоба тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін негізгі көрсеткіштер құжатта қамтылған және бұл конкурс талаптарына сәйкес келеді.

Бесіншіден, конкурстық сметаның техникалық ерекшелік құрамында міндетті түрде болуы қажет деген уәж де заң талаптарына сәйкес келмейді. Қолданыстағы заңнамада немесе конкурс шарттарында техникалық ерекшеліктің құрамында жеке сметалық есепті міндетті түрде ұсыну талабы көзделмеген. Осыған байланысты аталған негіз бойынша ұпайды төмендету немесе өтінімді талапқа сәйкес емес деп тану объективті бағалау қағидаттарына қайшы келеді.

Сонымен қатар, еңбек ресурстарына және мамандардың біліктілігіне қатысты келтірілген күмәндар да негізсіз деп санаймыз. Конкурс құрамында мамандардың білімі мен кәсіби тәжірибесін растайтын дипломдар, сертификаттар, біліктілікті арттыру құжаттары және қосымша оқу бағдарламаларын меңгергенін дәлелдейтін материалдар ұсынылған. Аталған құжаттар мамандардың жоба тақырыбына сәйкес кәсіби құзыретке ие екенін және жобаны сапалы іске асыруға толық мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамада маманның тәжірибесін тек белгілі бір атаудағы жобалармен шектеу немесе тар бағытта ғана дәлелдеу туралы талап көзделмеген. Мамандардың қоғамдық жобалар, жастар саясаты, құқықтық ағарту, профилактикалық және әлеуметтік бағыттағы жұмыстарды іске асыру тәжірибесі олардың жеткілікті кәсіби деңгейін растайды.

Жалпы алғанда, конкурстық комиссия тарапынан қойылған бағалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен конкурс талаптарына сәйкес, объективті және құқықтық негізде берілген деп есептейміз. Қарсы тараптың хатында көрсетілген тұжырымдар субъективті пайымдауларға негізделген және конкурстық комиссия шешімін заңсыз деп тануға жеткілікті құқықтық дәлел болып табылмайды.

Осыған байланысты конкурс комиссиясының қорытындысын қайта қарауға негіз жоқ деп санаймыз.

Құрметпен,
Атқарушы директор **Қ. Молдақашев**